

«6D020300 - Тарих» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін ізденуге ұсынылған «Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.)» атты тақырыптағы Бөдеев Қанат Тұрымұлының диссертациясына ғылыми кеңесші т.ғ.д., профессор Сақтағанова Зауреш Ғалымжанқызының
ШІКІРІ

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Қазақстанда этностар мен діндердің өзара қарым-қатынасының тұрақты моделі қалыптасты. Азаматтық қоғам бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім — республиканың басты құндылықтарының бірі болып табылады. Көпұлтты еліміздегі мәдениеттер мен діндердің диалогы шын мәнінде бірегей ерекше болып табылады. Қазіргі кезеңде діни бірлестіктердің саны артып, діннің қызметі кеңейіп, олардың қоғам өміріндегі рөлі артып келеді. Конфессияаралық келісімнің бұл бірегей ерекше моделі ғасырлар бойы қалыптасты. Сонымен қатар діндердің, конфессиялар мен діни ұйымдардың мемлекетпен өзара әрекеті, XX ғасырдағы, яғни, кеңестік кезеңдегі өзара әрекет және текетірес тәжірибесі тарихи зерттеулерді талап етеді. Этносаясаттың қазіргі жағдайы тарихи тәжірибені ескере отырып, проблемаларды шешудің маңыздылығына байланысты болып табылады.

Бұл мәселені философтар, дінтанушылар, әлеуметтанушылар зерттеп талдады, сонымен қатар соңғы кездері де осы мәселе тарихи зерттеулер мен қазақстандық тарихнамада да арнайы зерттеу нысанына айналып отыр.

Диссертациялық зерттеудің тақырыбы жұмыстың аймақтық аспектісімен өзектендіріледі. Орталық Қазақстанның көпконфессиялығы депортациялық үдерістер, өнеркәсіптік көші-қон және т.б. кезеңінде XX ғасырда күшейе түсті. Бұл Қазақстандағы кеңес үкіметін саясатының нәтижесі болып табылады.

Конфессиялар қызметінің түрлі аспектілері әлеуеттік-гуманитарлық бағыттағы ғалымдардың назарынан тыс қалмады. Алайда, Қазақстан аймақтарының (атап айтқанда Орталық Қазақстанның) түрлі конфессиялары мен діни ұйымдары қызметі тұңғыш рет арнайы зерттеу нысаны болып отыр. Бұл диссертациялық зерттеудің жаңалығының бір ғана аспектісі.

Бұдан бұрынғы тарихнаманың, жүргізілген ғылыми зерттеулердің едәуір бөлігі диссертациядағы тарихнамалық шолудың тақырыбына айналды. Жалпы, диссертант жұмыста мол деректер базасына талдау жасап, деректердің бес тобын бөліп көрсетті. Біздің ойымызша, архивтық дереккөздер кешеніне негізделмей «Отан тарихы» мамандығы бойынша диссертациялық зерттеулер жүргізу мүмкін болмайды. Бұл диссертациялық жұмысты ерекшелендіре түседі. Жұмыста әдебиеттер мен дереккөздердегі атауларының тізіміндегі сілтемелердің жартысынан көбі түрлі архивтық құжаттарға жасалған. Диссертациялық зерттеудің деректік негізінің едәуір бөлігін бес архив қорынан іріктеп алынған материалдар құрайды. Оның ішінде үш қазақстандық архив - Қазақстан Республикасы Президенті Архивы, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архивы, Қарағанды облысы Мемлекеттік Архивы және екі ресейлік архив - Ресей

Федерациясының Мемлекеттік Архивы, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивы қорлары қолданылған. Диссертациялық жұмыстың архив деректеріне негізделуі, сонымен қатар олардың көпшілігінің алғаш рет ғылыми айналымға енгізілуі, біздің ойымызша, жұмыстың құндылығын арттыра түседі.

Жұмыс қойылған міндеттерге сәйкес логикалық бірізділікпен құрылымдалған; тиісті құрылымдық элементтермен қамтылған. Диссертацияның үш бөлімінде хронологиялық ретпен Орталық Қазақстандағы діни ұйымдардың тарихы жаңғыртылады, ал, бұл аймақтағы діни алуан түрлілікті қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Жұмыста ғылыми проблеманың аймақтық ерекшелігі бақыланады.

Диссертация ғылыми-практикалық жағынан қолданылуына және маңыздылығына байланысты қызығушылық тудырады. Зерттеу нәтижелерін Қазақстан тарихы, дінтану, өлкетану бойынша оқу курстарын әзірлеп, оқуда пайдалануға болады. Диссертациялық зерттеудегі теориялық тұжырымдары мен алынған қорытындылар оң тәжірибе мен конфессиялармен өзара іс-қимыл жөніндегі биліктің қарсылығы мен оған қарсы тұру проблемаларын ескере отырып, қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасындағы тәжірибелік ұсынымдар үшін негіз бола алады.

Зерттеу нәтижелері оннан астам жарияланған жұмыстарда, оның ішінде Scopus базасында индекстелген журналда, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, алыс және жақын шетелдердің, ҚР-дағы халықаралық конференциялардың материалдарында апробацияланды.

Қ. Т. Бөдеевтің диссертациясы, біздің ойымызша, толық, дербес зерттеу жұмысы болып табылады. Жоғарыда баяндалғанның негізінде, Қ.Т. Бөдеевтің диссертациясы осындай жұмыстарға қойылған талаптарға жауап береді және диссертант Қанат Тұрымұлы Бөдеев 6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесіне лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші,
тарих ғылымдарының докторы,
академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
профессоры**



Расшайқас
Ғалым

З.Ғ. Сақтағанова

А.К. Кишibaев